

ТАЛАПТАР

АВТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

«ҚР ҰҒА Хабарлары. Геология және техникалық ғылымдар сериясы» ғылыми журналына мақалалар Akadem.nauk@mail.ru почтасы арқылы қабылданады. Мақаланың word нұсқасымен бірге, қол қойылып, мөр басылған екі рецензия (ішкі және сыртқы), авторлардың қолы қойылған бет (барлығы бір папкаға сақталып) жөнелтілуі тиіс.

Редакциялық алқа келесі **салалар** бойынша мақалалар қабылдайды: геология, гидрогеология, география, тау-кен ісі, мұнай, газ және металдардың химиялық технологиялары.

Корреспонденция авторы жұлдызшамен ерекшеленуі тиіс*

Бір автор бір нөмірге бір ғана мақала бере алады!

Авторлардың өз еңбегіне жасаған сілтемесі пайдаланылған әдебиеттердің 20%-нан аспауы қажет.

Авторлар саны осы ғылыми зерттеуге қосқан үлесіне сәйкес айқындалады.

МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ АВТОРЛАРҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

Редакция журналдың ғылыми бағыттары бойынша бұрын жарияланбаған мақалаларды қабылдайды. Мақалалар тек қана ағылшын тілінде қабылданады.

Автор (лар) мақаланың жалпы көлемінің **3000-6000** сөз аралығында (тақырыптан бастап әдебиеттер тізімінің соңына дейін) болғанын межелегені жөн. Аннотация мен түйін сөздер қазақ және орыс тілдерінде қоса беріледі.

Мақаланың барлық беттері, сонымен қатар кестелер, әдебиеттер тізімі, суреттер мен суреттердің астындағы жазбалар нөмірленуі тиіс.

Қаріптік өлшем: негізгі мәтін – 12, аннотация, түйін сөздер – 11, әдебиеттер – 9, кестелер мәтіні – 9, қаріп – Times New Roman, туралау – мәтіннің ені бойынша, интервал – бір, абзац шегінісі – 0,8 см, шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, солға және оңға – 2 см. Мақаланы рәсімдеу соңында мақаладағы барлық белгілерден кейін, әсіресе әдебиеттер тізімінде (нүктелер, үтірлер, сызықшалар, қос нүктелер, қиғаш сызықтар мен жақшалардан кейін) бос орындардың болуын тексеруді сұраймыз.

Суреттер, кестелер, графиктер, сызбалар және т.с.с. тікелей нөмірде және тақырыпты көрсете отырып ұсынылады (мысалы, 1-сурет - сурет тақырыбы). Суреттер, кестелер, графиктер мен сызбалардың саны мақаланың барлық көлемінің 20% -нан аспауы керек (кейбір жағдайларда 30% дейін).

МАҚАЛАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ:

Бірінші жол – ӘОЖ

МАҚАЛАНЫҢ АВТОР (лары) – аты-жөні, тегі – (ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде) көрсетіледі.

Мақаланың автор (лары) - жұмыс орны (ұйымының толық атауы), қаласы, елді мекені, (ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде) көрсетілуі тиіс. Корреспонденция авторы жұлдызшамен * ерекшеленіп телефон нөмірі, электрондық поштасын көрсетеді. Авторлар туралы ақпарат жай қаріппен кіші әріптермен жазылып, жолдың ортасына тураланады. Егер авторлар барлығы бір университеттен болса нөмірлеу қажет емес.

МАҚАЛА АТАУЫ (тақырып) мақаланың мәні мен мазмұнын көрсетіп, оқырман назарын аударуы тиіс. Тақырып қысқа, мазмұнды болуы керек және жаргон мен қысқартулар болмауы керек. Тақырып атауын 12 сөзден асырмаған жөн. Тақырып жартылай қалың қаріппен үлкен әріптермен беріледі, жолдың ортасына тураланады (ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде).

АННОТАЦИЯ көлемі (ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде) 200-230 сөз арасында, үш тілде бірдей, шрифт 11.

ТҮЙІН СӨЗДЕР (ағылшын, қазақ және орыс тілдерінде) 5-7 сөз.

КІРІСПЕ. Тақырыпты таңдауды негіздеу, мәселенің өзектілігін, зерттеу мақсаты. Зерттеуге негіз болатын тәжірибені сипаттау барысында тақырыпты таңдауды негіздеуде проблемалық жағдайдың болуы туралы хабарланады.

МАТЕРИАЛДАР МЕН НЕГІЗГІ ӘДІСТЕР. Бұл бөлім материалдар мен жұмыс барысын сипаттаудан, сондай-ақ пайдаланылған әдістердің толық сипаттамасынан тұруы тиіс.

НӘТИЖЕЛЕРІ. Бұл бөлімде жұмыстың алынған нәтижелері қысқаша сипатталады. Нәтижелер мақалада сипатталған зерттеу аясында ғана нақты мәселеге арналуы керек.

ТАЛҚЫЛАУ. Автор өз нәтижелерін өзге ғалымдардың тұжырымдарымен, пікірлерімен салыстыра отырып, негізгі аналитикалық жұмысын көрсетуі керек. Жасалған жұмыстың барлық артықшылықтары мен кемшіліктері айтылады.

ҚОРЫТЫНДЫ. Ғылыми және мазмұнды талаптарға сәйкес авторға мақаланың негізгі мәтініне қорытынды ретінде 2-4 тезис тұжырымдау ұсынылады. Қорытындылай келе, осы бағытта әрі қарай зерттеу үшін практикалық қолдану мүмкіндігін немесе әлеуетті көрсетеді.

АВТОР (ЛАР) ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ. Ағылшын тілінде (ғана). Мақаланың төменгі жағында авторлардың аты жөні, жұмыс орны (жоғары оқу орны), ғылыми дәрежесі, атағы (бар болса) және лауазымы, байланыс телефоны, электрондық поштасы, және **ORCID ID** еренсілтемесі (тіркелу үшін нұсқаулық – тіркелген айларда <https://orcid.org/>) көрсетіледі.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР. Әдебиеттер тізімі 15-20 атау; оның ішінде 50%-дан кем емес ағылшын тіліндегі дереккөздерден ұсыну қажет. Әдебиеттер ағылшын тілінде беріледі. Ағылшын (басқа шет) тіліндегі дереккөздердің Романизацияланған тізімін рәсімдеу стилі - American Psychological Association (<http://www.apastyle.org/>)

Халықаралық журналдағы мақала

Campry TS, Anders T. (1987) SNAP receptors implicated in vesicle targeting and fusion, Environ Pollut, 43:195-207. DOI: 10.1016/0269-7491(87) 90156-4 (in Eng.).

Ағылшын тіліндегі нұсқасы жоқ орыстілді журналдағы мақала

2 Ivanova TV, Samoilova NF (2009) Electrochemical Energetics [Elektrohimicheskaya energetika] 9:188-189 (in Russ.).

Кітаптар:

Timrat TA (2008) Soil pollution: origins, monitoring and remediation, second edition. Springer, Germany. ISBN: 978-3-540-70777-6

Конференция материалдары:

Monin S.A. (2012) Treatment techniques of oil-contaminated soil and water aquifers. Proceedings of International Conference on Water Resources and Arid Environment, Riyadh, Saudi Arabia. P.123.

Назар аудару керек! **Алфавиттік тәртіппен** авторлардың тегі көрсетіледі (тегінен кейін үтір қойылмайды); тегінен кейін дөңгелек жақшада жарияланымның шыққан жылы көрсетіледі. Барлық сызықшалар мен қиғаш сызықтарды алып тастау керек (яғни, бөлу белгілері). Егер әдебиеттер тізімінде бір автордың сол жылы жарияланған бірнеше

жұмыстары болса, шыққан жылына «а», «б» әрпі және т.б. Мысалы, (Porsev, 2020 а: 9), (Porsev, 2021 б, 24).

МАҚАЛАНЫ ҚАБЫЛДАУ АЛГОРИТМІ:

1. Почта арқылы келген мақалалар StrikePlagiarism.com. арқылы плагиатқа тексеруден өтеді. Плагиат көрсеткіші 20% асқан жағдайда авторлар ҚР ҰҒА журналдарында жариялау құқығынан айырылады;

2. Антиплагиаттан өткен мақала редакцияның ішкі рецензентіне жіберіледі (уақыты 2 аптадан 1 айға дейін);

3. Сараптамалық қорытындылар нәтижесінде редакция алқасы мақаланы жариялауға беру, оны түзету қажеттігі немесе қабылдаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Қажет болған жағдайда мақала рецензент пен редакторлардың ескертулері бойынша түзетулер мен толықтырулар енгізу үшін авторларға жіберіледі;

4. Авторлар мақаланы қайта өңдеп, редакцияға қайтаруы тиіс.

ҒЫЛЫМИ ДЕРЕКТЕРДІҢ ДҰРЫСТЫҒЫ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫНА, СОНЫМЕН ҚАТАР ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ МАЗМҰНЫНА АВТОРЛАР ЖАУАПТЫ

Мақаланы жібергенде дәл осындай материалдарды (түпнұсқада, басқа тілге аударып немесе басқа тілден аударылғанын) басқа журналдарға бермегенін, басқа баспадаға басып шығаруға бермегенін білдіреді. Егер жұмыс барысында ұқсас материал (басқа атаумен немесе авторлардың басқа ретімен) басқа журналға берілгені анықталған жағдайда мақала дереу қайтарылады. Сондай-ақ, авторлар ҚР ҰҒА журналдарында мақала жариялау құқығынан айырылады.

МАҚАЛАЛАРДЫ ТАПСЫРУ МЕРЗІМІ

«ҚР ҰҒА Хабарлары. Геология және техникалық ғылымдар сериясы» ғылыми журналы жылына 6 рет, яғни 2 айда 1 рет шығады.

Әр айдың 15-жұлдызында (ақпан, сәуір, маусым, тамыз, қазан, желтоқсан) журналдар ҚР ҰҒА-ның журналдар сайтында жарияланады. Содан соң, 1 айдың ішінде, журналдың баспа басылымы шығады.

Мақалалардың қарастырылу уақыты 6 ай,

Редакцияға келіп түскен мақаланың жариялану ұзақтығы (ең ұзағы) – 1 жыл.

Ескерту: мақалада қалың шрифтпен беруге және астын сызуға рұқсат етілмейді, тек курсивпен ғана беріледі. Мақала соңына барлық авторлардың қолы қойылған бет тіркелуі тиіс.

РЕДАКЦИЯМЕН БАЙЛАНЫС

Телефон: 272-13-19.

Мақалалар тек қана ҚР ҰҒА akadem.nauk@mail.ru электронды почтасы арқылы қабылданады.

Авторларға төлем бойынша ақпарат gylym2015@mail.ru поштасынан таратылады.